**Б.З. Бөжеева**
әл-Фараби ат.ҚазҰУ т.ғ.к., доцент

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Аймақтық ынтымақтастықтың қалыптасуы мен дамуы аймақ елдерінің саяси және экономикалық мүдделерінің жақындасуының өте күрделі үдерісі болып табылатыны анық. Мұндай жағдай Орталық Азия аймағындағы елдерге де тән.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аумағында бұрынғы одақтас республикалардың шекарасы көлемінде бес егеменді ел – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан құрылған еді. Міне, жиырма жылдан астам уақыт өтті, осы аймақтағы бес ел интеграциялық бірлестіктің тиімді үлгісіне жетуге ұмтылуда. Әрине, ең алдымен интеграция ұғымына тоқтала кеткен жөн болар.

Интеграция – бұл бытыраңқы халықаралық қатынастарды әлдеқайда заманауи кең көлемдегі бірлестіктермен алмастыратын үрдіспен тұтасып жатқан үдеріс. Интеграциялық үдерістерді зерттеу халықаралық аланда тиімді нақты қадам жасауға мүмкіндік беретіні айқын. Интеграциялық қағидаттарды білу және қолдана алу өзара алмасулар мен өзара әрекеттесу жолындағы ұлттық кедергілерді жоюға мүмкіндік туғызады.

Яғни, мемлекеттер арасындағы байланыстардың тиімді дамуы үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді. Интеграциялық үдерістердің дамуы үшін ең алдымен қатысушы мемлекеттерді ынталандыра білу қажет. Бүгінгі күні баспасөз беттерінде интеграция – бұл болашаққа апарар күре жол деп ұрандатуда. Тек, сол болашақтың күре жолында кім сіздің жол серігіңіз болады? Басты мәселе осында.

Дегенмен де, аймақтық интеграция құрылымын дамыту қазіргі таңдағы жалпы әлемдік үрдіске айналды. Сол ретте Орталық Азия аймағындағы елдер де көпжақты ынтымақтастық жобаларын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өздерін қоршаған геосаяси және геоэкономикалық кеңістік аумағындағы интеграциялық үдерістерге белсенді түрде қатысуға талпынуда.

Жетекші елдер мен аймақтық мемлекеттер арасындағы бүгінгі саяси бәсекелестіктерге сәйкес Орталық Азия елдерінің халықаралық жүйедегі геосаяси мәртебесі де өзгеріске түсуде. Аймақтық елдер кең көлемдегі геосаяси қатынастардың нысанасы болып келсе, енді өздері қатысушыға айналды. Бұл геосаяси қатынастарда аймақтық қауіпсіздіктің жаңа мәселелері де кең етек ала бастады.

Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік мәселесіне ауқымды сипаттағы бірқатар үрдістер де өзіндік әсерін тигізуде. Олардың ішінде сыртқа шығарылатын әлемдік деңгейдегі шикізат көздерінің азаюымен бірге энергия көздерінің қымбаттауы және соған қатысты бәсекелестіктің күшеюі.



Осыған орай, кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша болашақта халықаралық қатынастар үшін Орталық Азия аймағында стратегиялық екі ұштылық сақталуы ықтимал дейді. XXI ғасырдың бірінші ширегінде аймақтық дамудың басым үлгісі ретінде жүргізіліп жатқан экономикалық интеграция көлеміндегі аймақтағы саяси және мәдени өзара әрекеттестікті қарастыруға болады [1].

Алғашқы интеграциялық бастамалардың бірі қазақстандық тараптан шыққан болатын. Яғни, ТМД-ға қатысушы елдерден жаңа бірлестік – Еуразиялық Одақ құру ұсынылған еді. Ал қорғаныс саласы бойынша Еуразиялық Одаққа мүше елдердің ұлттық Қарулы күштерін нығайту және сыртқы шекараны күзету жөнінде бірлескен әрекеттер туралы шартқа келу, бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру, Еуразиялық Одақтың ұжымдық бітімгершілік күштерін қалыптастыру, ядролық қару мәселесі бойынша мемлекетаралық кеңес құру.

Еуразиялық Одақтың жобасы Орталық Азия мемлекеттерінің Ресеймен, басқа да бұрынғы кеңестік елдермен өзара қатынастарындағы стратегиялық бағытына жақын келеді. Еуразиялық Одақ құру ойы көп жағдайда Еуропалық Одақ көлеміндегі интеграциялық үрдіс іспеттес бірлестікке жету.

Орталық Азияда интеграция туралы мәселе қозғалған сайын сол баяғы мәселелер алдан шығады. Олардың бірқатары қолдау бағытында болса, бірқатары интеграциялық үдеріске кері әсерін тигізумен келеді. Солардың ішіндегі негізгілеріне тоқталатын болсақ; біріншіден, бұл сыртқы қатысушылардың болуы; екіншіден, аймақтағы тайталастықтың басымдылығы; үшіншіден, мемлекеттердің еркті даму жолын таңдаудағы әртүрлі деңгейі болса, төртіншіден, экономикалық даму деңгейі, экономикалық мүмкіндіктерінің біргелкі болмауы және сонымен бірге аймақ елдері арасында сыртқы көмек үшін бәсекелестіктің артуы. Осы орайда аймақ елдері де, кейбір сырт елдер де аймақтағы интеграциялық үдерістердің кедергілерін қалай жою мәселесін күн тәртібіне қоюда. Мәселе өте өзекті, өйткені соңғы кездері көршілестік қатынастарда даулы мәселелер етек алуда. Мысалы, 2010 жылғы Қырғызстандағы саяси дүрбелеңнің кесірінен көршілес елдер өз шекараларын жабуға дейін барғанын білеміз. Сондай-ақ Тәжікстан мен Өзбекстан арасындағы шекара мәселесі де әлі кейбір реттеушілікті қажет етуде. Дегенмен де аймақтық елдердің тұрақтылықты қалайтындығы ешқандай күмән туғызбайды, тіпті бұл сырт мемлекеттер үшін де өте маңызды. Мүдделерінің жүзеге асуы Орталық Азиядағы тұрақтылыққа тікелей байланысты екендігін . әр қатысушы елдің түсінбеуі мүмкін емес. Тек, аймақтағы интеграциялық үдерістің жағымды дамуына сырт күштердің осы аймаққа қатысты ұстанған саясаттарындағы бәсекелестік те өзіндік кедергілердің бірі десе болады. Бүгінгі күні аймақтағы бәсекелестікте АҚШ, Қытай, Ресей белсенділік танытатыны баршаға аян. Ал аймақ елдері болса осы алпауыт елдердің арасында бір жаққа шығып қалмау мақсатында әр қайсысымен тиімді ынтымақтастық орнатуға талпынуда. Халықаралық лаңкестікпен күресті сылтауратып аймаққа орналасып алған американдық